

Бекіткен
«Ақсу» Жобасын Сабақтасының
методистігі: Нұрлығали Т.Т.

Мерекелік ертеңгілік.

Тақырыбы: «Тұғыры биік тәуелсіздікке -30 жыл!».



Ересектер «Айгөлек» тобы

Тәрбиеші: Туртаева Қ.

14.12. 2021ж.

Тұғыры биік тәуелсіздікке 30жыл !

Мақсаты:

1.Білімділігі : Балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып,өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру.Ұлттық сана сезімін,саяси сауаттылығын ояту.Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру.Тәуелсіздік үшін күрескен,желтоқсан құрбандарын еске түсіріп,желтоқсан құрбандарының ерлігі жайында түсіндіру.

2.Тәрбиелігі: Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын жеке тұлға екендерін ұғындыру. Қоғамның бір мүшесі ретінде адам өмірі мен жақсы тұрмыстық құндылықтарын ұғындыру , жауапкершілік сезімдерін ояту.Оқушыларға патриоттық тәрбие беру,Отанды сүйуге және ерлікке баулу.Желтоқсан оқиғасында ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту,өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету,достыққа,ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

3.Дамытушылығы: Балалардың өткен тарихқа деген қызығушылығын ояту.

Көрнекілігі:

1.Қазақстанның Республикасының мемлекеттік рәміздері:

Туы,Елтаңбасы,Әнұраны, Н.Ә.Назарбаевтың портреті, слайд , желтоқсан құрбандарының суреті

2. Нақыл сөздер жазылған плакаттар.

3.Шарлар,гүлдер,музыкамен жабдықталған.

Тәрбиеші сөзі:

Сәлеметсіздерме ме,құрметті қонақтар,ұстаздар және балалар. Біздің тобымыздың **«Тұғыры биік тәуелсіздікке 30жыл»** атты ашық тәрбие сабағына қош келдіңіздер! -Бүгін біз Қазақстанымыздың

Тәуелсіздігін тойлағалы отырмыз.Бәрімізге мейрам құтты болсын!!!

«Айгөлек» тобының ашық ұйымдастырылған оқу қызметін бастауға рұқсат етіңіздер

Балалар ән ырғағымен залға кіреді:

Шаттық шеңбер:

Біздер жақсы баламыз

Өсті ақыл санамыз

Қонақтармен ең алғаш

Амандасып аламыз

Сәлеметсіздерме!

Әнұран айтылады:

Тәрбиеші сөзі:

Біз тәуелсіз елдің түлегі болғанымызға шексіз қуанамыз.Біздің отанымызды әлем таныды.Осы сәтте Отан туралы еріксіз ойға берілесің. Бұл ұғымның аясы кең. Отан-далаң,орман,тауың,ауылың мен Астанаң.Отан әр жұмыр басты пенденің киелі мекені,жер басып жүрген әр тіршілік иесінің шексіз байлығы. Тәй-тәй басқан нәресте де, еңкейген қария да оның бір мүшесі.

Тәрбиеші сөзі:

Қазіргі кезде сендер ашық аспан,жарық күн сәулесі түсіп тұрған мемлекетте өмір сүріп жатырсыңдар.

Қазақ халқы еркіндікке жету үшін қаншама қиын- қыстау кезеңдерді бастан кешірді.Мыңдаған жылдық тарихы бар.Ал,1986 жылғы оқиға халықтың есінде мәңгі сақталады.

16-желтоқсанда қазақ жастары Орталық алаңға шығып, Қазақстан тәуелсіздігін талап етті. Бұл күн-Қазақстан тарихында тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріппен жазылды. Сондықтан да желтоқсан бүкілхалықтық мерекесі. Балалар, біз осы тәуелсіздікке оңайлықпен қол жеткізген жоқпыз. Оның бір көрінісі желтоқсан оқиғасы

Желтоқсан оқиғасында ерен ерлігімен көзге түскендер өте көп, солардың бірі- Қайрат Рысқұлбеков. Ол қыршын жасын қиды. Оған үлкен айып тағылды.

Ерлігіңе қуанам да, сүйінем

Қайрат аға рухыңа мен иілем.

Бәйшешектің солғанына ах ұрсам,

Әділ жанның қазасына күйінем.

Қазір сіздердің назарларыңызға желтоқсан оқиғасында әділдік үшін күрескендердің бірі – Қайрат Рысқұлбеков, ендеше Қайрат жайындағы көріністен үзінді тамашалаңыздар.

КӨРІНІС: Қайраттың соты:

Әні: желтоқсан желі

Тәрбиеші сөзі:

Осыдан 30 жыл бұрын, яғни 1986 жылы Алматының бас алаңына жастар жаман оймен барған жоқ. Олар бейбіт жолмен тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қатысқан.

Енді міне, осы желтоқсан көтерілісіне қатысқан ағаларымызбен апаларымыздың арқасында ата-бабаларымыз үш ғасырға жуық уақыт бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік.

Балалардың тақлақтары:

Айда: Жасасын азат ерлік күн
Жасасын бейбіт елмен жер
Бостандық алған қазақтың
Мәртебесін көрсін ел

Бекман: Отанды әркім анасындай
Қастерлейді қорғайды
Өйткені Отан баласындай
Бізді асыра қорғайды

Нұрсұлтан: Қуат алған өзіңнен
Туған елдің ұлымыз
Бақытты етіп өсірген
Отанымыздың гүліміз

Хансұлтан: Отанды жас кәріміз
Туған жер деп сүйеміз
Өйткені онда бәріміз
Туып өмір сүреміз

Алихан: Отан деген ұлы-ана
Отан деген ғұлама
Мен ғана емес атамда
Перзенті екен отанға

Айару: Аялап ару ананы
Өсірген еркін баланы
Бесігін бөлеп тербеткен
Отаным Қазақстаным

Желтоқсан оқиғасы Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Сәбира Мұхаметжанова ,Ләззат Асанова тәрізді батырларымыздың бар екенін дәлелдеп берді.

Ендеше,сол желтоқсан құрбандарын бір минут үнсіздікпен еске алайық.Арада төрт жыл өткен соң 1990 ж 17-желтоқсанда сол алаңға ескерткіш тақта қойылды.

Серпіп бұлтты басқан елдің бар мысын,

Туды күнім әділетті арлы шың.

Алыс жолдан зарықтырып,шаршатып

Келдің бе сен,Азаттығым,армысың!

Осы оқиғадан кейін арада 5жыл өткенде 1991 жылдың желтоқсан айының 16-сы күні қазақ елі шынайы тәуелсіздік алды.Биыл,міне,30 жыл толып отыр.

Тәуелсіздік,бұл-басымызға қонған бақ,бақыт.

Ал енді бүгінгі күннің алыптарын шақырайық.

Ойын: «Күш сынасу»

Міне осындай алып күшті жігерлі ұлдарымыз Қазақстан Тәуелсіздігін бірнеше ғасырларға сақтап қалады.

-Міне балалар,бүгінгі таңда Қазақстан тәуелсіз мемлекет.Біздің өзіміздің туымыз,елтаңбамыз, әнұранымыз бар.Егеменді Қазақстан

мемлекетіміз. Сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Жақсы оқып, үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз елің мен жерінді көркейтіп, Қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсыңдар.

-Енді балалардың тәуелсіздік мейрамына жаттаған тақпақтарын тыңдайық.

Айша: Ақыл-ойың, ар санаң
Ұлт намысын шаршаған
Тәуелсіз деп айта алсаң
Тәуелсіздік мен білсем

Балауса: Біздің тудың бояуы
Айнымайды аспаннан
Оны халық қашанда
Биікке іліп қояды

Лайсан: Көк туымыз желбіреп,
Биіктен көз тартады
Ерлерім көп ержүрек
Елімнің қорған қамқоры.

Абзал: Тәуелсіз таңнан түскен ақ сәуле
Тәуелсіздік бақыт сенде бақ сенде
Қарқылдайды қариялар қашанда
Жарқылдайды жарық шашып жас кеуде

Мемлекетіміз. Сендер Отанымыздың ұрпақтарысыңдар. Жаксы
ақыл, ұжым, тәртіпті болыңдар. Өз елің мен жеріңді
көркейтті. Қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың
ақылдысы, тірегі сендер болмақсыңдар.

4-ші баламның тәуелсіздік мейрамына жатпаған тақпақтарын
тыңдайық.

Айса:
Ақыл-ойың, ар санаң
Ұлт намысын шаршаған
Тәуелсіз деп айта алсаң
Тәуелсіздік мен білсем

Балауса:
Біздің тудың бояуы
Айнымайды аспаннан
Оны халық қашанда
Биікке іліп қояды

Лайсан:
Көк туымыз желбіреп,
Биіктен көз тартады
Ерлерім көп ержүрек
Елімнің қорған қамқоры.

Абзал:
Тәуелсіз таңнан түскен ақ сәуле
Тәуелсіздік бақыт сенде бақ сенде
Қарқылдайды қариялар қашанда
Жарқылдайды жарық шашып жас кеуде

Жаңа ашылған күні-бұл

Менің ана тілімнің

Бағы ашылған күні-бұл

Дүбірлетсін өңірді

Дүбірлетсін дүлділі

Қазақ деген елімнің

Құтты болсын бұл-күні!

Осымен бүінгі ашық тәрбие сағатын аяқтаймыз!



